

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 11 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 66-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 11 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі — тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

4

с ә у і р д е г і

№

6 6 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 11 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында аттестаттауды және қайта аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір

2.	Мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу нысандарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
3.	Асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық куәліктердің нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
4.	Асыл тұқымды мал мәртебесін беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
5.	Жануарлардан Қазақстан Республикасы алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (мал союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
6.	Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
7.	Мал өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
8.	Процессингтік орталықтың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
9.	Лазерлік станцияларды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін құралдарды (заттарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
10.	«Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамасын іріктеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1576 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір

11.	«Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет өндірілетін (дайындалатын) және алғаш рет әкелінетін (импортталатын) азықтарды және азық қоспаларын мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы № 175 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
12	«Ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
13.	«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
14.	Жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
15.	Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
16.	«Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі № 407 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
17.	Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
	Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор			

18.	актілерінің нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
19.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
20.	Жануарлардан алынатын өнімге және ш и к і з а т қ а ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
21.	Ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары қауіпсіздігінің мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
22.	Ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары және (немесе) құрамында антибиотиктері, гормондар және биологиялық стимуляторлар бар ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары серияларының (топтарының) ветеринариялық нормативтердің талаптарына сәйкестігін айқындау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
23.	Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір
24.	Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ҚР АШМ	2012 жылғы сәуір

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ҚР АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК